

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1457 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/146 бұйрығын қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

1 4 5 7

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау (бұдан әрі - жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) құрылымында ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау (бұдан әрі - жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) құрылымында ұйымдастырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.03.2013 № 247 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың міндеттері мен функциялары

2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың негізгі міндеттері:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау және жолын кесу;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты, талап-арыздарды және өзге де материалдарды уәкілетті, құқық қорғау және сот органдарына жіберу болып табылады.

3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау өз құзіретінің шегінде заңнамамен белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;

2) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз ету;

3) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау;

4) жануарлар дүниесінің, соның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің өсімін молайту;

5) жануарлар дүниесінің эпизоотикалық жай-күйін қадағалау және жануарлар арасында эпизоотияның жолын кесу және болдырмау жөнінде шаралар қабылдау ;

б) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану идеясын насихаттау және азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу.

3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың ұйымдық құрылымы

4. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерімен айналысатын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлерінен тұрады.

Уәкілетті органның жүйесіне кіретін мамандандырылған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын облыстық атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметкерлеріне (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) теңестіріледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.03.2013 № 247 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды тұлғалары: директор, бас аңшылық маманы бас ихтиолог, аңшылық маманы ихтиологтар, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлар болып табылады.

6. Директор, бас аңшылық маманы мен бас ихтиологтар уәкілетті органның бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

Аңшылық мамандары ихтиологтар, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлар жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау директорының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

7. Директор жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау жұмысын ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғауға жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауап б е р е д і .

Директор өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өзінің құзіреті шегінде:

1) барлық ұйымдарда жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың мүдделерін б і л д і р е д і ;

2) ш а р т т а р ж а с а с а д ы ;

3) с е н і м х а т т а р б е р е д і ;

4) б а н к ш о т т а р ы н а ш а д ы ;

5) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың барлық қызметкерлері үшін

міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) уәкілетті органның бұйрығымен тағайындалатындардан басқа, жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

7) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар салады;

8) бақылаудағы аумақтарды жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторларға бекітіп беруді жүзеге асырады;

9) жануарлар дүниесі объектілері санының есебін жүргізуді ұйымдастырады;

10) жануарлар дүниесін қорғауды және оның өсімін молайтуды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды бекітеді;

11) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды болдырмау жөнінде шаралар қолданады.

8. Бас аңшылық маманы және/немесе бас ихтиолог бір мезгілде директордың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі орынбасары болып табылады, ол өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен және өзінің құзіреті шегінде:

1) жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шұғыл іс-шараларды, жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың басқа табиғат қорғау органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

3) аңшылық мамандарының және/немесе ихтиологтардың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлардың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

4) жануарлар дүниесі объектілері санының есебін, олардың өсімін молайту және қорғау жөнінде жұмыс жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) бақылаудағы аумақтарды жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторларға бекітіп беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

7) жануарлар дүниесінің эпизоотикалық жай-күйін қадағалауды және жануарлар арасында эпизоотияның жолын кесу және болдырмау жөнінде шаралар қолдануды ұйымдастырады;

8) жануарлар дүниесі мен биологиялық әр алуандықты сақтау идеясын насихаттауды, азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуді ұйымдастырады;

9) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды тұлғаларымен

олардың біліктілігін арттыру бойынша сабақтар мен семинарлар өткізеді;

10) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау құзіретіне енетін мәселелер бойынша есеп беруді жүргізеді;

11) директордың тапсыруы бойынша сот органдарында жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың мүдделерін білдіреді.

9. Аңшылық маманы және/немесе ихтиолог Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өзінің құзыреті шегінде:

1) аң аулайтын жерлерді және/немесе балық шаруашылығы айдындарын пайдалануды жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

2) жануарлар дүниесі объектілері, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлері санының есебін жүргізеді;

3) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасының, көбею жағдайларының, қоныс аудару жолдарының және шоғырлану орындарының жай-күйін қадағалайды және белгіленген тәртіппен оларды қорғауды күшейту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) жануарлар дүниесінің эпизоотикалық жай-күйін қадағалауды және бас аңшылық маманына және/немесе бас ихтиологқа есепті ұсынады;

5) жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алу олардың өсімін молайту жөніндегі іс-шаралардың орындалуы және мекендеу ортасының, көбею жағдайларының, қоныс аудару жолдарының және шоғырлану орындарының жай-күйін қадағалау бойынша есеп беруді жүргізеді;

6) жануарлар дүниесіне ұқыпты қарау мәселелері, жануарлар дүниесін қорғау , өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау бойынша түсіндіру жұмысын жүргізеді;

7) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі іс-шараларға қатысады.

10. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспектор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өзінің құзыреті шегінде :

1) жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін қорғауды және оларға жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың директоры бұйрықпен бекітіп берген аумақтарда (су айдындарында) жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды болдырмау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылдайды;

3) жануарлар дүниесіне ұқыпты қарау мәселелері, жануарлар дүниесін қорғау , өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау бойынша түсіндіру жұмысын жүргізеді;

4) бас аңшылық маманына немесе бас ихтиологқа уәкілетті және құқық қорғау органдарына жіберу үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері бойынша материалдар береді.

11. Мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғалары жергілікті атқарушы, құқық қорғау және қоршаған ортаны қорғау органдарымен, аңшылық шаруашылығы ұйымдарының қорықшылық қызметтерімен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі үйлестірілген іс-қимылдарды жүзеге асырады және экология және табиғатты қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен тұрақты түрде байланыста болады және ынтымақтастық ж а с а й д ы .

12. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды тұлғаларына уәкілетті орган белгіленген үлгідегі бірыңғай қызмет куәліктерін береді.

13. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды тұлғаларының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге, арнайы құралдар мен қызметтік қаруды алып жүруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды сақтауға, алып жүруге және қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.03.2013 № 247 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).